

Г.К. ИСАЕВА,¹

Э.ғ.к., доцент.

А.Н. АЙТЫМБЕТОВА,¹

Э.ғ.к., доцент.

Э.Е. ЖУСИПОВА,¹

PhD.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті¹

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ФРАНЦИЯ ТӘЖІРИБЕСІ

Аңдатпа

Білім беру саласында туындап отырған қаржылық тапшылық жағдайында білім беру саласын қаржыландыру үрдістерін модернизациялау ерекшеліктеріне, соның ішінде мемлекет-жеке меншік әріптестігіне ерекше көңіл аударуды қажет етеді. Сол себепті, бұл мәселелер ғылыми қоғам тұрғысынан зерттеуді және арнайы шешім табуы қажет етеді. Сәйкесінше, Еуропа елдерінің бұл саладағы тәжірибесін жете зерттеп, оны Қазақстан жағдайында қалай бейімдеуге болатынын тұжырымдап, пайдалану мәселесін ойластыру бірінші кезектегі мәселе қатарында. Зерттеу барысында мемлекет-жеке меншік әріптестігінің озық шетел тәжірибесі зерттеліп, білім беру саласын қаржыландыру мәселесі бойынша Францияның озық тәжірибесі талданды. Барлық еуропалық елдерде дерлік жоғары білім беру аясында әлеуметтік серіктестік орын алып, дуальдық оқыту негіздері қаланған. Оны, әсіресе, осы сфераны қаржыландыру мәселесінен айқын көруге болады. Еуропа мемлекеттері тек бастапқы білім беру мен жұмыссыздарды қайта оқытуды қаржыландырады. Ал, жоғары білім беру аясында «салық несиесі», «оқыту ваучерлері» секілді түрлі бағдарламалары қолданылады. Сонымен бірге, арнайы шәкірттік салықтың бар болуын атап өту керек. Қаражат министрліктерден қоғамдық қорларға, ұйымдарға аударылады. Сонымен бірге, қаржыландыратын тұлға, білім беретін тұлға және бітірушілерге біліктілілік беретін тұлғалар бір-бірінен бөлектенген. Бұл жоғары білім беру сапасын арттыруға септігін тигізетіні хақ. Яғни, әрбір студент, оқушы үшін бәсекелік күрес жүретінін көруге болады. Ал, бәсеке бар жерде білім беру қызметінің сапасы да артатыны сөзсіз.

Тірек сөздер: қаржыландыру, білім беру жүйесі, мемлекет-жеке меншік әріптестігі, шетел тәжірибесі, жаңғырту, бағдарламалар, сапа, бәсекелік күрес.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап экономикасы ілгері дамыған елдерде жоғары білім саласындағы мемлекеттік саясат курсының өзгергені, атап айтқанда мемлекет қызметінің бір бөлігі тікелей әкімшіліктік реттеуден жеке секторға біртіндеп өтуі байқалады.

Осылайша, дәстүрлі түрде мемлекеттің жауапкершілігінде болған сала мемлекет пен жеке сектордың бірлескен басқару объектісіне айналып келе жатыр. Атап айтқанда, білім беру саласын қаржыландыру мәселесі біртіндеп мемлекет жауапкершілігінен жеке меншік секторға қарай ығысуда. Бұл, білім беру саласында мемлекет пен жеке меншік әріптестігі орын алғанның белгісі. Бастапқыда батыс елдерінің өнеркәсібінде пайда болған мемлекет – жеке меншік әріптестігі тұжырымдамасы экономиканың білім беру сияқты әлеуметтік маңызды саласында да өзінің тиімділігін көрсете білді.

Сондықтан да қазақстандық жоғары мектеп дамуының басым міндеттерінің бірі білім беру ордаларында экономикалық қолдау көрсетуде, білім беру үрдісінің мазмұнын басқаруда, сондай-ақ ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде бизнес-құрылымдары мен жоғары оқу орындары әріптестігінің тиімді тетіктерін қалыптастыру болып табылады.

Экономика үшін бұл мәселенің көкейкестілігі мынада: әлеуметтік маңызды жобалар мен бағдарламаларды іске асыру кезінде тартылатын бюджеттік қаржылардың қаржылық-экономикалық тұрақсыздығы мен жеткіліксіздігі жағдайында қаржыландырудың бюджеттен тыс көздерін, сонымен қатар жеке сектордың басқа да ресурстарын тартудың ынталандырушы тетіктерін қалыптастыру мен мүмкіндіктерін қарастыру қажеттіліктері туындап отыр.

Осыған орай, мемлекет пен жеке меншік әріптестігі нысанында білім беру саласын қаржыландырудың шетел тәжірибесін зерттеп, оны Қазақстан деңгейінде қолдана алу мүмкіндігі

өзекті мәселелер қатарында болып отыр. Батыс Еуропа елдерінің арасында білім беру саласындағы мемлекет пен жеке меншік әріптестігі негізінде қаржыландыру бойынша озық елдер ретінде Ұлыбритания, Франция мен Алманияны атап өтуге болады. Бұл мақалада, біз Францияның тәжірибесін зерттеуді мақсат етіп қойдық. Өйткені, Францияның «Шәкірттік» бағдарламасы ерекше көңіл аударуды қажет етеді.

Францияда кәсіби білім беруді қаржыландыруда мемлекеттік құрылымдар мен өнеркәсіптің біріккен ұйымдары үлкен рөл атқарады. Білім беру министрлігі мектептердегі кәсіби білім беру аясындағы саясат және «Шәкірттік» үшін жауап береді. Ауыл шаруашылық министрлігі дәл сондай қызметті өз саласында орындап отырады. Еңбек пен ынтымақтастық министрлігі және Жұмысбастылық пен кәсіби білім беру мәселелері бойынша Бас комиссия альтернативті оқыту контрактілері бойынша оқытын тұлғаларды кәсіби оқыту аясында мемлекеттік саясатты жүргізу үшін және жеке сектор жұмыскерлерін кәсіби оқыту үшін жауапты болады. Комиссия жанынан барлық жұмыс берушілер төлейтін үздіксіз оқытуды дамытуға арналған міндетті алымдардан түсетін қаржы ресурстарын пайдалану бойынша арнайы бақылау тобы құрылған. Жұмысбастылық министрлігі жұмыссыздарды оқыту мәселесімен айналысады.

Францияда басқаруды орталықсыздандыру мақсатында 26 аумақтық кәсіби білім беру кеңестері құрылған, сонымен бірге аумақтардағы кәсіби білім беру мәселесі бойынша комиссиялар, департаменттер немесе директораттар да құрылған.

Әлеуметтік серіктестер «Шәкірттік» салығын және үздіксіз кәсіби білім беруді дамытуға кәсіпорындардың төлейтін алымдарын үлестіруге қатысады.

Орталықсыздандыру және аумақтар рөлін арттыру шеңберінде (1993 жылдың желтоқсан айында қабылданған бесжылдық Заң бойынша) әрбір аумақ өнеркәсіп пен өкімет өкілдерімен бірлесіп жастарды кәсіби оқытуды дамыту жоспарын әзірлеп отырады [1].

«Шәкірттік» салығын жинауды Сауда-өнеркәсіп палаталары, Салалық палаталар және Ауылшаруашылық палаталар жүзеге асырады. Жұмыскерлерді оқытуды дамуға кәсіпорындардың міндетті жарналарын жинау мен үлестіру үшін Алымдар бойынша өкілетті біріккен басқармалары жауап береді (АӨББ).

Үздіксіз кәсіби білім берудің (ҮКБ) негізгі қаржыландыру көзі жергілікті үкімет және орталық үкімет (Білім беру министрлігі) болып келеді (сурет 1, б. 229). Олар оқытушылар құрамын қаржыландыратын болғандықтан, қомақты қаражат бөлуші деп саналады. Қаржыландырудың бір бөлігі шәкірттік салық арқылы кәсіпорындармен жүргізіледі (2,7%). Сондағы бұл салықтың бір бөлігін кәсіпорындар кәсіби және техникалық білім беру мекемелеріне қаржылай көмек көрсету үшін пайдалануы мүмкін. Қаржыландырудың тағы бір бөлігі үй шаруашылықтарынан да келіп түседі (10,9%) [2].

Орталық үкіметтің барлық шығындарының ішінде 10–11% күрделі шығындарға (ғимараттар, жөндеу, материалдар) тиесілі.

Үздіксіз кәсіби оқыту жұмыс істейтін азаматтарға арналған және түрлі кәсіби білім мен біліктіліктің деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз ете алады. Бұл жүйе тек ересек тұрғындарды ғана емес жұмысқа енді тұрайын деп отырған жастарды да қамтиды.

Бастапқы кәсіби білім берудің жүзеге асырылу ерекшеліктері:


♦ оқыту оқу мекемелерінде жүргізіледі, сонымен бірге оқытудың бір бөлігі жұмыс орындарында да өтеді;

♦ «шәкірттік» келісім шарты негізінде жүзеге асады, яғни оқытудың бір бөлігі нұсқаушының жетекшілігімен кәсіпорында, ал басқа бөлігі арнайы оқыту орталықтарында өтеді;

♦ үш типті контрактілер шеңберінде іске асады, яғни оқу мекемесіндегі оқыту кәсіпорындағы өндірістік оқытумен үйлеседі (кәсіби бағдарлау бойынша контракт, біліктілікті алу бойынша контракт, бейімделу бойынша контракт);

♦ біліктілігі жоқ және жұмыс іздеп жүрген жастарға арналған біліктілікке даярлау курсына оқыту негізінде жүргізіледі.

1980 жж. жұмыссыздықпен күресу үшін әлеуметтік серіктестер мен үкімет жастар үшін «Альтернативті оқыту» бағдарламасын қабылдаған болатын. Бұл бағдарлама бойынша жұмыс немесе белгіленген кезеңге жұмыс орнында өндірістік оқытуға контракт түзіледі. Бұл бағдарламаны «Шәкірттік» бағдарламасымен қатар іске асыру белгіленген [1].



Сурет 1 – Францияның бастапқы кәсіби білім беруді қаржыландыру жүйесі


Оқу мекемесі негізінде кәсіби оқыту жүргізгенде құрылыс, жөндеу жұмыстары, құрал-жабдықтар мен ағымды шығындарды (қызметкерлер еңбекақысынан басқасын) жергілікті өкімет тарапынан қаржыландырылады. Орталық үкімет жұмысшы-қызметкерлердің еңбекақысын төлеп отырады. Осылайша, аумақтар лицей, ауылшаруашылық лицей, арнайы мектептер, сауда флоты мен балық шаруашылығының колледждерін қаржыландырады. Үкімет жеке техникалық училищелерге инвестициялауда қаржылық көмек көрсетуі мүмкін.

«Шәкірттік» бағдарламасы мен үздіксіз кәсіби оқыту орталық үкімет пен аумақтар тарапынан қаржыландырады (орталық үкімет оқыту орталықтарын қаржыландырып отырады).


«Шәкірттік» бағдарламасы бойынша оқыту техникалық немесе кәсіби сертификат беруді ұйғарады. Бағдарлама орталық үкімет, аумақтармен және кәсіпорындармен қаржыландырылады (сурет 2, б. 230). Сондағы қаржыландырудың басым үлесі кәсіпорындарға тиесілі, ал ең төмен үлесі орталық үкіметке тиесілі болып отыр.

Аумақтық ресурстар әрдайым кеңеюде және түрлі үкімет трансферттері мен шәкірттік салығының бір бөлігін қайтару арқылы қалыптасады. Орталық үкімет аумақтарға трансферттер аударып, оқыту орталықтарын қаржыландырады, оқытуға қабылдағаны үшін жұмыс берушілерге субсидиялар бөледі. Қаражаттың бір бөлігі «Шәкірттік» бағдарламасы бойынша оқушыларды қабылдаған жұмыс берушілерді әлеуметтік сақтандыру қорына жасалатын төлемдерден босату арқылы қалыптасады [2].

«Шәкірттік» салығы есебінен тек сол бағдарламаның өзі ғана емес, ҮКО-дың барлық бағдарламалары қаржыландырылады (сурет 3, б. 230). Бұл салықты мөлшеріне қарамай, коммерциялық және өнеркәсіптік қызметпен немесе қолөнермен айналысатын барлық заңды тұлғалар мен кәсіпорындар төлейді. Салық мөлшерлемесі жалпы еңбекақы қорынан 0,5%.



Сурет 2 – Франциядағы «Шәкірттік» бағдарламасын қаржыландыру жүйесі



Сурет 3 – Франциядағы «Шәкірттік» салығының нобайы

Бұл салықтың бір бөлігі (0,2%) «Шәкірттік» бағдарламасы үшін пайдаланылады және аумақтарды теңестіру мен шәкірттік оқыту орталықтарына қолдау көрсету үшін қолданылады. Ұлттық деңгейде қаражаттарды теңестіру жиналған қаражатты аумақтарға Ұлттық қор бекіткен үлгімен қайтару арқылы іске асады. Оқыту орталығында рұқсат берілген сомадан аса қаражат жинақталса, артық болған сома аумаққа қайтарылып, «Шәкірттік» салығынан түсетін табыс шекті деңгейден төмен болған орталықтарға қайта үлестіріледі.

Салықтың екінші бөлігі (экс-квота) гранттар мен субсидиялар беру арқылы техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындарын қосымша қаржыландыруға, «Шәкірттік» бағдарламасын дамытуға пайдаланылады. Бұл салықтан тек орталық мемлекеттік ұйымдар, аумақтық және жергілікті басқару органдары мен олардың мемлекеттік институттары, кәсіби ассоциациялар, білім беру қоғамдары ғана босатылған.

Қолөнер секторында, өнеркәсіпте және саудада «Шәкірттік» нысанында оқитын ең болмағанда бір жұмыскері бар және салық салынатын сома ресми жылдық еңбекақының алты есе мөлшерінен аспайтын кәсіпорындар салықтан босатылады.

«Шәкірттік» бағдарламасын қаржыландыру үшін жұмыскерлер саны 10 адамнан аспайтын кәсіпорындардың «Баламалы оқыту» бағдарламасының қажеттілігіне жиналатын алымдар қаражатының бір бөлігі (35%) пайдаланылуы мүмкін. Бұл қаражаттан «Шәкірттік» бағдарламасы бойынша оқыту орталықтарының ағымды шығындары ғана қаржыландырылады.

Кәсіпорындар «Шәкірттік» салығын мынадай арнайы агенттіктерге төлеп отырады:

- ◆ салық жинайтын мемлекеттік агенттіктерге (Сауда-өнеркәсіптік палаталар, Салалық палаталар, Ауылшаруашылық палаталар);
- ◆ префектуралардың өкілетті агенттіктеріне;
- ◆ білім беру министрліктері жанындағы алымдар агенттіктеріне [3].

Жалпы Францияның білім беру саласын мемлекет пен жеке меншік нысанында қаржыландырудың тәжірибесін зерттеу негізінде мынадай қорытынды жасауға болады. Қаражатты жинау тетіктері таза коммерциялық қызметке айналған. Бұл, өз кезегінде, салааралық, салалық деңгейлерде қаражатты жинау агенттіктерінің арасында «өңірлік соғыстарды» туғызып отырады. Яғни, қаржы тетіктерінің білім беру қызметтерін жүзеге асырудан үстем болуына алып келеді. Сондықтан, бұл жерде білім беру саласының толықтай коммерциялануына жол берілгендігі көрініп отыр. Ал, білім беру саласы коммерциялық емес негізде қызмет ету керектігі бәріне мәлім [4].

Дегенмен, Францияда нарықтағы күрделі жағдайға байланысты мемлекет жұмыс іздеп жүрген тұлғаларды оқыту және бастапқы кәсіби білім беруге ерекше көңіл бөлетінін атап өтуге болады.

Франция үкіметі жағдайы төмен және проблемалық топтағы тұлғалардың кәсіби оқуға қол жетімділігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл аударуда. Сол себепті, альтернативті оқыту салығының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын оқытуды кеңейтіп, сәйкес қаржы аспектілерін әзірлеуге тырысуда [5].

Соңғы кезде Француз еңбек конфедерациясы оқытуды сақтандыру жүйесін енгізу мәселесін көптеп көтеруде. Оған сәйкес, барлық жұмысбасты азаматтар еңбек қызметінің 10% уақытын оқуға жұмсау құқына ие болу керек. Бұл, өз кезегінде, міндетті білім алғаннан кейін әрбір ересек азаматтың «оқу капиталының» қалыптасуына мүмкіндік береді. Ал бұл, елдің интеллектуалдық капиталының өсуіне және елдің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізудің кепілі болып саналатыны хақ. Осындай, француз тәжірибенің артықшылықтарын қазақстандық білім беру саласын қаржыландыру аясында да пайдалана алуымыз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Maillet C., Le Manh A. Les norms comptables internationaux IAS/IFRS. 2-eme ed. Editions Foucher. – Paris, 2004. – 192 p.
- 2 Richard P., Tringuoy Didier C. Organisation et activites comptables // Nathan Technique. – 2002. – 288 p.
- 3 Pierre Dufils, Claude LoPater, Guyomard E., M-1, Morvan. Comptable 2004 // Editions Francis Lefebvre. – 2003. – 1682 p.

4 Towards a history of vocational education and training (VET) in Europe in a comparative perspective: proceedings of the first international conference. October 2002, Florence. Luxembourg: European Office for Official Publications, 2004. (Cedefop Panorama series, 103). Available from Internet: http://libserver.cedefop.eu.int/vetelib/eu/pub/cedefop/pan/2004_5153_T1_en.pdf.

5 Nicholas Barr. 2004. Higher Education Funding. Oxford Review of Economic Policy. Vol. 20. № 2 (Summer). P. 264–83.

Аннотация

В условиях сокращения финансирования сферы образования особую важность приобретает проблема модернизации финансирования данной сферы, в том числе на основе государственно-частного партнерства. Данные вопросы требуют детального изучения со стороны научного сообщества, что требует изучения зарубежного опыта финансирования сферы образования, и особенно опыта стран Европы – лидеров в вопросах государственно-частного партнерства как одной из форм финансового обеспечения образовательных организаций. Передовой опыт данных стран необходимо адаптировать в условиях Казахстана, что послужит основой для модернизации финансирования образования в стране. В ходе исследования был изучен передовой французский опыт государственно-частного партнерства в области финансирования сферы образования. Так, почти во всех европейских странах в рамках образования создано социальное партнерство и основы дуального образования. Это особенно заметно в вопросе финансирования этой сферы. Европейские государства финансируют только начальное образование и программы по переподготовке безработных. В рамках высшего образования используются различные программы, такие, как «налоговые кредиты», «учебные ваучеры». Следует также отметить, что существует специальный налог на ученичество. Средства перечисляются из министерств в государственные фонды и организации. В то же время опыт зарубежных стран показывает, что финансируемый орган, обучающая сторона и организация, которая присваивает квалификацию выпускникам, независимы друг от друга. Это дает возможность улучшать качество высшего образования, то есть за каждого студента или ученика ведется конкурентная борьба. И в конкурентной среде качество образовательных услуг, несомненно, повышается.

Ключевые слова: финансирование, сфера образования, государственно-частное партнерство, зарубежный опыт, модернизация, программы, качество, конкурентная среда.

Abstract

In the context of reducing the financing of the education sector, the problem of modernizing the financing of this sphere, including on the basis of public-private partnership, is of particular importance. It requires studying foreign experience in funding education, and especially the experience of leaders in European countries in the issues of public-private partnership as a form of financial support for educational organizations. The best practices of these countries need to be adapted in Kazakhstan, which will serve as a basis for modernizing funding education. French experience of public-private partnerships in funding education was studied. Almost all European countries, in the framework of education, a social partnership and the foundations of dual education were created. This is particularly noticeable in the funding. European countries finance only primary education and programs for retraining unemployed. Within the framework of higher education, various programs are used, such as "tax credits", "training vouchers". It should also be noted that there is a special tax on apprenticeships. Funds are transferred from the ministries to state funds and organizations. The experience of foreign countries shows that the funded body, university and the organization that qualifies graduates are independent of each other. This makes it possible to improve the quality of higher education. That is, for each student or student there is a competitive struggle. And, in a competitive environment, the quality of educational services is undoubtedly increasing.

Key words: funding, education, public-private partnership, foreign experience, modernization, programs, quality, competitive environment.